

SHÁKÁRIM

ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ

SHÁNYRAGY

СЕМЕЙ

Ақпараттық-танымдық басылым

2021 жыл
№1 (125) наурыз

8 НАУРЫЗ - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

Құрметті университет арулары!

Көктемнің шуақты да, жанға жайлы күндерімен келген 8-наурыз арулар мерекесі құтты болсын!

Жер ананың бусанып, күн нұрының қуаты артып, табиғаттың «ата-анаңдай елжіреген», тіршіліктің жанданып, өмірдің бастау алар шағында келетін мерекенің астарындағы мән де орасан. Қырға қаулап шығатын қызғалдақтай нәзік, әрі қаһарлы қыстың тоң болған көк мұзын жарып шығатындай мықты қауым – әйел затының ұлықталар күні барлық Ер азаматтар үшін де ең қадірлі мереке.

Сіздердің әрқайсыларыңызды өз туғанымдай бағалаймын. Себебі, біреулеріңіз - дәріс берген ұлағатты ұстазым, енді біреулеріңіз – еңбекті бірге бастаған әріптесім, тағы біреулеріңіз өзім дәріс берген шәкіртіміздер.

Біздің университеттің басты миссиясы – ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген кемел тұлға



қалыптастыру болса, сол тұлғалардың өмір жолдарының қалануы Сіздердей ардақты да асыл жандардың арқасында жүзеге асады. Шығыс өңіріндегі заманауи ғылымның қолданбалы орталығына айналған көп бейінді білім ордасының бүгінгі күнге дейін жасалған жетістіктері Сіздердей асыл жандардың адал қызметінен деп білемін.

Көгілдір көктемнің осынау жанға жайлы мерекесінде Сіздердің отбасыларыңызда тек жақсылыққа арналған мол дастархан жайылып, береке мен бірлік, ырыс пен несібе, бақыт еселенсін деп тілеймін!

Ел игілігі үшін жасап жүрген қызметтеріңізде шығармашылық табысқа кенеліңіздер!

Құрметпен,
Бауыржан Ердембеков,
Басқарма Төрағасы - Ректор

■ ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ӘРІПТЕСТЕРІМІЗ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУДЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

Біздің оқытушыларымыз «ЖОО үздік оқытушысы-2020» республикалық байқауының жеңімпаздары атанды. Өзгертілген ережелерді және жеңімпаздар санының 25% - ға қысқаруын ескере отырып, біздің оқытушылар жоғары нәтижелер көрсетті. Нәтижесінде республикалық кезеңнің 8 қатысушысының 5-і жеңімпаз атанды:



ӘУБӘКІРОВА ҚАРЛЫҒАШ АДИЛХАНҚЫЗЫ - PhD, «Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а.




ЖҮНДІБАЕВА АРАЙ ҚАНАПИЯҚЫЗЫ - PhD, «Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасының қауымдастырылған профессоры



КАЖИЕВА ЖАНИЯ ХАЙДАРҚЫЗЫ - экономика ғылымдарының кандидаты, «Экономика және менеджмент» кафедрасының қауымдастырылған профессоры



ОКУСХАНОВА ЭЛЕОНРА ҚҰРМЕТҚЫЗЫ - PhD, «Тағам және қайта өңдеу технологиясы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а.



САБИТОВА АЛЬФИРА НҰРЖАНҚЫЗЫ - PhD, «Химиялық технологиялар және экология» кафедрасының меңгерушісі

Жеңімпаздарға зор денсаулық, шығармашылық табыстар және білім және ғылым саласындағы қызметеріне үлкен жетістіктер тілейміз!

ЖҮЗДЕСУ

РЕКТОР БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Таяуда Шәкәрім университетінің ректоры, профессор Бауыржан Ердембеков білім ордасының жас мамандарымен кездесті.

Кездесуге ғылыммен қатар қоғамдық істердің дамуына елеулі үлес қосып жүрген университеттің белсенді жастары қатысты.

Ректор Бауыржан Аманкелдіұлы өзінің кіріспе сөзінде күрделі жаһандық бәсекелестік жағдайында ЖОО арасындағы нарықтық бәсеке деңгейінің күннен-күнге жоғарылап келе жатқанын тілге тиек етті. Болашақта Шәкәрім университетінің білім мен ғылым траекториясында ілгері көш бастайтын, Қазақстанның шығыс өңірін білікті мамандармен қамтамасыз ететін сондай-ақ, қолданбалы ғылымның орталығына айналған көп бейінді классикалық альма-матер болуы тиіс екендігін айтты.

Кездесу барысында басшылық тарапынан жас мамандарға университеттің стратегиялық даму бағдарламасы таныстырылды. Атап айтсақ, дамудың жаңа тенденциясына сай озық білім беру қызметі, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау, сонымен қатар университеттің тағылымдық тәрбие алаңы аясында «Шәкәрім шаңырағы», «STUD LIFE», «STARTUP», «Рухани жаңғыру», «Шәкәрім парасаттылық ордасы» деп бөлінген ірі жобалары бойынша жүзеге асырылатын тың жоспарла-



рымен бөлісті.

ЖОО басшысы университетті трансформациялау мәселесіне қатысты:

«Бәсекеге қабілеттілікті арттыруда бірқатар күрделі өзгерістер, соның ішінде құрылымды оңтайландыру – ЖОО-ның жаңа биік деңгейге көтерілуіне көмектеседі», – деді.

Айта кетейік, Басқарма Төрағасы, алдағы уақытта жастардың іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулері мен инновациялық стартап жобалары бойынша қолдау білдіретіндігін жеткізді. Университеттің болашақ көшбасшыларының ғылымға деген ынтасын арттыру мен білім ордасына деген жаңа көзқарасын

қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған бұл шаратағылымды әрі мазмұнды өтті.

Кездесу соңында қатысушылардың ұсыныстары мен өзекті мәселелері тыңдалды. Білім ордасының жас мамандары, Басқарма Төрағасы Ердембеков Бауыржан Аманкелдіұлының университетті дамытудағы бағытына зор сенім білдіріп, жаңа бастамаларын толықтай қолдайтындықтарын жеткізді.

ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫ – ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ҚОЛЫНДА!

*Shakarim University
баспасөз қызметі.*

КӘСІПОДАК

КОНФЕРЕНЦИЯҒА 30-ДАН АСА ДЕЛЕГАТ ҚАТЫСТЫ



Кәсіподақ қызметі – үлкен күш. Бұл әлеуметтік маңызы бар ұйым. Кәсіподақ комитетінің мақсаты – кәсіподақ мүшелерінің жеке және ұжымдық әлеуметтік, экономикалық және өзге де құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Кеше университетімізде кәсіподақ комитетінің жұмыстарын жандандыру, жастарды қоғамдық істерге тарту мақсатында - Семей аумақтық кәсіподақ ұйымының төрағасы С.М.Ибраевтың қатысуымен Кәсіподақ комитетінің есеп беру-сайлау конференциясы өтті.

Конференцияда 2020 жылы мәдени-көпшілік шараларды өткізуге, қаржылай марапаттауға сондай-ақ, әлеуметтік жағдайы бойынша түскен өтініштер қаралып, қайырымдылық көмек көрсетілген іс-шараларға оң баға берілді. 30 дан аса делегат кәсіподақ комитетінің төрайымы қызметіне бірауыздан Қ.С.Құрмамбаеваны сайлады.

ӨР АҚЫНҒА АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕК



Кітаптың тұсаукесерінде құттықтау сөзін алған Басқарма Төрағасы–Ректор Бауыржан Ердембеков, Арап Еспенбетовтің «Сұлтанмахмұт» монографиясын жаңа ізденістерге жол салуға бағытталған тағылымды еңбек екенін ерекше атап өтті.


"Сұлтанмахмұт" кітабымен жақын танысқан бірқатар ғалымдар – Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры, ф.ғ.д. Ж.Әскербекқызы, ф.ғ.д. Ж.Сағымбай, «Абай» академиясының директоры, доцент Ж.Әубәкір, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің фольклортанушы ғалымы А.Пангереев,

Абай музейінің директоры Т.Шаңбай, М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің директоры Ш.Жанаева, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің доценті, ф.ғ.к. Қ.Төлебаевалар оқырман қауымға құнды мәліметтер беретінін туындының көркемдік мазмұнына жоғары баға берді.

Іс-шараға университеттің Басқарма Төрағасы - Ректор Б.А. Ердембеков, қала әкімінің орынбасары А.С.Садырбаев және ғалымның танымал шәкірттері, әдебиетші ғалымдар, филологтар сондай-ақ, әріптес дос-жарандары қатысты.

Тұсаукесер рәсімін 100-ден аса қатысушы тікелей эфирде тамашалай алды.

ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ



ОҚУ ПРАКТИКАСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Тарих және саясаттану» оқу кафедрасы білім алушыларды іс-тәжірибеден өткізу және жоғары оқу орнына орналастыру мәселелері тақырыбында онлайн форматта дөңгелек үстел өткізді.

Дөңгелек үстелге жұмыс берушілер мен білім беру бағдарламасын әзірлеушілер облыстық өлкетану мұражайы, ШҚО қазіргі заман тарихы құжаттар орталығы №37 мектеп пен №8 мектептің басшылары және биылғы бітіруші түлектер қатысты.

Кездесу барысында білім беру бағдарламасын ары қарай дамыту жолдары және жұмыс берушілермен өзара байланысты нығайту мәселелері қарастырылды.

ҒЫЛЫМИ ЖОБА

ҒАЛЫМДАРЫМЫЗ ГРАНТ ИЕГЕРІ АТАНДЫ

Шәкәрім университетінің ғалымдары ҚР БҒМ 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалары бойынша гранттық қаржыландыруды жеңіп алды.

Физика - математика ғылымдарының кандидаты, доцент О.М. Жолымбаевтың жетекшілігімен іске асырылатын «STEM-білім беру шеңберінде және үштілділік жағдайында білім беру процесін жобалаудың инновациялық модельдерін әзірлеу негізінде жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша мұғалімдерді/педагогтарды даярлау» жобасы 46 миллион теңгені құрайды.

Қаржылық жобаны орындауға «Жаратылыстану және инженерия» ғылыми кафедрасының қызметкерлері, «Физика-математика ғылымдары және информатика», «Жаратылыстану ғылыми пәндерін оқыту» кафедраларының ғалымдары қатысады.

STEM-бұл оқушыларды оқытудың жаңа әдістемесі әрі әлемдік білім берудегі негізгі тренд. Атауы ең көп сұранысқа ие пәндердің аббревиату-

Шәкәрім Университеті ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР

«Ауылдарушылық пен тамақ өндірісінің қалдықтарын өңдеуге арналған технологиялық процестерді басқарудың интеллектуалды жүйесі бар оқиталы модульдік биогаз кәсіпін әзірлеу және құру»

Коржыландыру сомасы: 46 млн. теңге

И.И.Нурғалиев - жоба жетекшісі

www.semgu.kz

Іске асыру мерзімі 2021-2023

расынан құралған: ғылым, технология, инженерия және математика (S – science, T – technology, E – engineering, M – mathematics). Бұл әдісті қолдану арқылы баланың ғылым мен технологияға деген қызығушылығын арттыруға болады.

Доцент Г.К.Исмаилованың жетекшілігімен жүзеге асырылатын «Мультимедиялық білім беру кеңістігі үштілді жоғары білім беру саласындағы коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру құралы ретінде» жобасының құны 23 млн. теңгені құрайды.



Әміржан Қасенов: «ӘР УНИВЕРСИТЕТТІҢ ӨЗ

Шәкәрім университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры, техника ғылымдарының докторы Әміржан Қасеновпен сұхбат.

**- Индетке байланысты ба-
сым көпшілік студенттер
онлайн арқылы білім алуда.
Осы тәсілдің білім сапасына
әсері қандай?**

- Өткен наурыз айынан бастап қалыптасқан індетке байланысты сабақ онлайн түрінде жүре бастады. Алғашқы кездерде қиындықтар болды. Алыс ауылдағы интернет байланысы және студенттеріміздің онлайн білім алуға дайындығы сияқты мәселелер болды. Бүгінде біршама дұрыс жолға қойылды. Дәрістер, тәжірибелік сабақтар ZOOM және т.б. платформалар арқылы жүргізілуде.

О қ ы т у ш ы л а р ы м ы з қалыптасқан жағдайға байланысты өткізетін сабақтарын жаңа тәсілге барынша сәйкестендіріп, электрондық ресурстарды кеңінен қолданып, оқу үрдісін барынша тиімді өткізуге тырысуда.

Жалпы студент латын тілінен аударғанда талпынып жұмыс жасаушы, ізденуші деген ұғымды білдіреді. Қазіргі кезеңде жастарымыздың ізденуіне мүмкіндік мол. Бір ғана YouTube каналындағы ақпараттарды оқып шығу үшін адамға мың жыл керек екен. Осы контеттердің 80 пайызы ағылшын тілінде деген деректерді оқыдым. Жастарымыз сапалы білім алу үшін ана тілімізбен қатар шетел тілідерін жете меңгерсе, әлемдік білім айдынына шығуына кеңінен жол

ашылар еді.

- Оқытушылар онлайн жүйесімен жұмыс істеуге дайын ба? Олардың компьютерлік сауаттылығын артыру бағытында қандай жұмыстар жүргізілуде?

- 2020 жылдың наурыз айында елімізде қалыптасқан төтенше жағдайға оқу үрдісі онлайн форматқа көшірілген кезде, біраз қиындықтар болды. Алғашқы кезде кейбір оқытушылар zoom платформалар бойынша жұмыс істеуді де білмеді. Дегенменде сол кезде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, IT мамандардың тарапынан оқытушыларға практикалық көмектер көрсетілді.

2020-2021 оқу жылына дайындық ретінде арнайы курстар жүргізіліп, шілде-тамыз айларында барлық оқытушылар, осы курстан өтті. Бұл курстың мақсаты білімнің сапасын жоғарылату үшін, онлайнда әр түрлі әдістерді тиімді пайдалану болды. Айта кету керек компьютерлік сауаттылық деңгейі әр оқытушыда әр түрлі. Ал қазіргі кезде барлық оқытушылар төселіп, онлайн жұмыс істеуге бейімделді. Жаңадан жұмысқа келген оқытушылар үшін онлайн форматта әр түрлі курстар ұйымдастырылып тұрады.

- Карантин кезінде студенттердің өндірістік практикадан өтуі қалай ұйымдастырылуда?

- Карантин кезінде студенттердің өндірістік практикасы онлайн форматта ұйымдастырылуда. Ол үшін құжаттарды тапсыру рәсімі

бойынша біраз өзгерістер енгізілді. Бізді тығырыққа тіреген мәселе өндірістік практиканы ұйымдастыру жұмысы болды. Мәселен карантин кезінде барлық мектептер онлайн жүйесіне көшіп, мектептен педагогикалық практикадан өту көп қиындықтар туғызды. Дегенмен тағыда сол онлайн әдісіне жүгінуге тура келді. Дегенменде қазіргі кезеңде жағдай біршама қалыпқа түсіп келеді. Кейбір өндіріс орындары сақтық шарасын қатаң сақтай отырып, студенттердің өндірістік практикадан өтуіне жағдай жасауға тырысады. Алайда әлі де болса, практика жұмыстары онлайн жағдайында ұйымдастырылуда. Бүгінгідей қауіпті сәтте бірінші кезекте студенттердің денсаулығы маңызды.

- Оқу орынының өзі дайындап жатқан болашақ мамандарға жұмыс беруші өндіріс орындарымен байланысы қандай?

- Жалпы қазіргі кезеңнің басты талабы саннан гөрі сапаға көшу. Яғни жұмыс берушілердің сұранысын қанағаттандыратын білікті мамандар дайындау. Осы мақсаттарды жүзеге асыру бағытында оқу орны бойынша нақты қадамдар қолға алынуда. Білім бағдарламаларының мазмұны, негізгі жұмыс берушілермен талқыланып олардың талаптарына сай болу қажеттілігіне және дуальды білім беруге баса көңіл бөлінуде.

Дуальды білім беру жүйесі – теория мен тәжірибені ұштастыруға мүмкіндік беретін оқыту бағдарламасы. Болашақ

■ СҰХБАТ

ДИПЛОМЫ БОЛАДЫ»

мамандардың тек теориялық жағынан ғана емес, практикалық жағынан да сауатты болуына баса назар аударылады. Осы бағытта көптеген өндіріс орындарымен келісім-шарттар жасалуда. Мәселен таяуда дизайн мамандығы бойынша қаламыздағы танымал «Семей көркем» компаниясымен келісім-шартқа отырдық.

Дуальды білім беру жүйесі еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлауға мүмкіндік беріп, әрбір түлектің оқу орнын бітіріп шыққан соң жұмысқа орналасуына мүмкіндік береді. Теория мен тәжірибені ұштастыра білім беру – мамандардың бәсекеге қабілеттілігін нығайтады.

- Әр оқу орнының жеке үлгідегі дипломы болады деген ақпараттар тарауда. Осы шараның негізгі мақсатын атап өтсеңіз.

- Иә, 2021 жылдан бастап әр оқу орны өзінің жеке үлгідегі дипломын береді деген заңмен белгіленген. Бұл туралы Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 39-шы бабына енген өзгертуде көрсетілген. Бұл талаптың басты мақсаты - оқу орындарының жауапкершілігін жоғарлату және олардың арасындағы бәсекелестікті жандандыру. Қарап отырсаңыз, ұлттық, мемлекеттік, жекеменшік оқу орындарының беретін дипломы бір үлгіде. Енді мемлекеттік деген сөз жазылмайды, әр университеттің өз үлгісіндегі дипломы болады. Келешекте әр университет жеке брендке айналып, студенттер оқу орындарын білім беру сапасына қарай

таңдайтын болады

Болашақта қай университет заман талабына сай сапалы білім берсе, сол оқу орнының дипломына яғни дайындаған маманына жұмыс берушілер тарапынан сұраныс та көбейеді. Мысалы, АҚШ-та 40 Нобель сыйлығы иегері, 8 АҚШ президенті білім алған әлемге әйгілі Гарвард университеті бар. Осы университеттің студенттерінің 60 пайызы оқып жүрген кезінде әртүрлі компаниялар тарапынан жұмысқа шақырту алады екен. Бітірушілердің 100 пайызы толықтай жұмысқа орналасады. Бұл Гарвард университетінің дипломы әлемдік брендке айналғанын көрсетеді.

Біздің университеттің де білім саласынан тәжірибесі мол, өзіндік қалыптасқан дәстүрі бар. Бізде педагогика, ауылшаруашылығы және тамақ технологиясы саласына білікті маман дайындау және сол салалар бағытындағы ғылымы жағынан республика бойынша өзіндік орнымыз бар. Шәкәрім университеті - талай мемлекет, қоғам және білім қайраткерлері білім алған білім шаңырағы және материалдық техникалық, ғылыми әлуеті жоғары болып саналатын аймақтық университеттердің қатарынан. Бізде де оза шауып, еліміздегі танымал университеттердің қатарында тұруға толықтай мүмкіндер бар.

**Сұхбатты жүргізген
Д. Рамазанұлы.**



23.02.2021 жылы
Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
А.Қ.Аймағамбетов жоғарғы
оқу орындарының ректорларымен кездесу өткізді.

САПАЛЫ БІЛІМ БАСТЫ НАЗАРДА

Кездесу барысында ЖОО-дағы білім сапасын аттыру мен сапалы кадрлар даярлау мәселелері қаралды. Осы бағытта министрлік тарапынан ЖОО жүйесін сапалы деңгейге көтеру үшін үлкен жұмыстар атқарылды.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары жаңа әлемдік стандарттарға сәйкесдендіріп өзгертіліп, университеттерге академиялық және қаржылық еркіндік берілді.

Университеттердегі оқытушы-профессорлық құрамның жалақысы көтеріліп, есеп беруінің көлемі айтарлықтай қысқартылды. Сонымен бірге, Биылғы жылдан бастап университеттер өзіндік үлгідегі дипломдарын бере бастайды. Бұл деген әр ЖОО өзінің берген дипломының сапасы үшін жауапты деген сөз.

Жоғары оқу орындарындағы білім сапасын қамтамасыз ету мәселелеріне көп көңіл бөлінуде. Осыған орай, білім беру бағдарламаларының қазіргі өмірге лайықтылығы мен жұмыс берушілердің талаптарына сәйкестігін қатаң талдауға бағытталған «Атамекен» ҰКП ретинг жүйесі маңызды қадамдардың бірі болды. Сонымен қатар, бұл ретингтің критерилерінің бірі еңбек нарығындағы біздің түлектердің жұмыспен қамтасыз етілуі сапалы көрсеткіш ретінде қарастырылуда.

Министр А.Аймағамбетов сапалы білім беру бағдарламалары бар университеттерге әр қашан қолдау көрсетілетіндігін сенімді түрде айтты. Сапасы төмен маман дайындайтын жоғары оқу орындарын, жеке меншік немесе мемлекеттік екеніне қарамастан қатаң тексеріліп, дереке қателік жіберілген университеттер жабылатын болады деп мәлімдеді.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық білім беру базасын жоғары білім беру жүйесіне енгізуі көптеген құжаттарды цифрландырды және есеп беру санының азаюына алып келді.

Өңірімізді дамытудың барлық бағыттары бойынша кадрлар даярлайтын аймақтық көпсалалы университет ретінде біз білім беру сапасының жоғары стандартын қамтамасыз етуге көп күш жұмсайтын боламыз. Шәкірім университетінің ұжымы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бастамаларын толығымен қолдайды.

**Ұлан Тлемисов,
Гуманитарлық институттың
директоры.**

■ СЕРІКТЕСТІК

ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ – КӘСІБИ МАМАН ДАЯРЛАУДЫҢ КЕПІЛІ

Шәкәрім университеті 18 ақпан күні 6B02101 – «Ди-зайн» білім беру бағдарламасы бойынша оқу процесін дуалды оқыту мақсатында «Семей Көркем» жарнама-өндірістік агенттігімен ынтымақтастық туралы келісім шарты жасалды.



Өндіріс басшысы А.Ш.Ахметканов, университеттің проректоры А.Л.Касенов, Өнер және спорт факультетінің деканы Б.Ш.Тұрғанбаева бастаған «Өнер және музыка» кафедрасының оқытушыларына өндіріс алаңында экскурсия жүргізді.

Екі тарап білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда теориялық білімдерін тәжірибеде бекіту маңыздылығын талқылап, ынтымақтастық аясында атқаратын істеріне табыс тіледі.

■ ОЙТОЛҒАУ

ҮЛКЕН ӨМІРГЕ КІШКЕНЕ ҚАДАМ



«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» Абай атамыз айтқанындай жат жанды жақының етер бауырмалдылық сезіміне не жетсін, шіркін! Қолыңда бармен бөлісіп, қорыққанына қорған болар адамгершілік биігінің өресін көрсетер мейірімнің орны қашан да бөлек.

Үйден жыраққа арман қуып кеткен жастың алдағы өмірге аяқ басар алғашқы баспалдағы студенттік кезеңмен тығыз байланысты.

Бұл шақтың да өзіндік қызығы мен шыжығы да мол. Көпті көргеннің айтарына сенер болсақ, студенттік өмірдің жатақханада өтер тіршілігі мүлде өзгеше екен. Көзбен көрдік, оған өзімізде себепкер болдық. Әдеттегі лекция залында бас қосып, сабақ айтарда шуылдасып отыратын группаластарыңнан бөлек, бір шаңырақ астында бір тұрып, бір қазаннан ас ішіп жатақхана табыстырған достарың бір төбе болары анық.

Жатақхана жастарға не үйретеді? Студенттер үйі өз тұрғындарына өмірлік тәжірибе береді. Уақыттың қадірін ұғындырып, оны тиімді пайдаланудың түрлі тәсілін жасайды. Әр апта соңында спорттық жарыс түрінен достық кездесулер ұйымдастырса, әр мереке күні концерттік бағдарлама қоюға шақырады. Сонымен қатар, қосымша оқу көзін іздеген жасқа да жағдай жасалған. Оқу бөлмесі, ин-

■ КЕЗДЕСУ


Журналистика кафедрасының оқытушылары Қазақ радиосының 100 жылдығына орай «Қазақ радиосы» Алматы бөлімшесінің редакторы, «Шалқар» радиосының жетекшісі Бақыт Жағыпарұлымен кездесу ұйымдастырды.



ШАЛҚАР РАДИОСЫНАН – ШЕБЕРЛІК САҒАТЫ

Онлайн кездесу барысында «Журналистика» мамандығын таңдайтын мектептердің бітіруші түлектері мен университеттің білім алушыларына радио тілінің өзіндік ерекшеліктері, радиодағы тікелей эфир талаптары мен заңдылықтары төңірегінде шеберлік сағаты өткізілді.

Медиа саласына қызығушылықтары артқан қатысушы жастар, спикер Бақыт Жағыпарұлына, сондай-ақ, ұйымдастырушы кафедраға зор алғыстарын білдірді.



тернет желісі қосылған компьютерлер де бар. Ал, студент бұдан не ұтады?

Бірінші кезекте, түкпір-түкпірден келген, әртүрлі отбасында тәрбие көрген студенттер бір ортада бас қосады.

Ата-анасынан алысқа кетіп, өз бетімен күн көруді, кішігірім болса да қиындықтан өтуді үйреніп ысыла бастайды. Бұл өзі үшін, өмір деген өткелден оңай өтуі жолында мол тәжірибе берері анық.

Екіншіден, уақыт деген бағалы дүниенің бағасын пайымдай алатын болады. Оған себеп, жатақханада жасалған арнайы жоспар өз кезегін күтіп белсенділікке шақырады. Жаман әдеттермен орынсыз қылықтардан сақтанып, спортпен шуылдануды қолдаған ұжым достық кездесулер ұйымдастырып, жастардың қызығушылығын оятып, өмірге көзқарасына өзіндік ықпал жасайды. Сонымен қатар, өнерді серік

еткен студенттің де назардан тыс қалмасы үшін концерттік іс-шаралар тағы бар. Бұдан бөлек, жас бола тұрып бас болып бірлесе қайырымдылық жобаларын жасауда осы студенттердің де бастамасымен іске асып отырады. Жалпақ тілмен айтқанда өзін қай бағытта сыйнаймын десе де жол ашық, мүмкіндік көп. Тек жалқау болмақ жөн болмас.

Адам баласының ең қызықты шағы жастық шақ дейді. Ал, сол шақтың от кезеңі студенттік өмір. Студенттің есте қалар естелігінің басым көпшілігі жатақханамен байланысты. Олай болса, болашақ студент айналаңда өмірлік дос болар болашақ жолдастарың мен ортанды дұрыс таңдай біл дегіміз келеді. Барлығы тек өзіңе байланысты.

**Шұғыла
Сұлтанмахмұдова,
журналистика
мамандығының
3-курс студенті.**

БӘРЕКЕЛДІ!



ПІКІР САЙЫС КЛУБЫНА - 18 ЖЫЛ

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов өзінің Facebook парақшасында пікірсайыс қозғалысы барлық мектептерде, колледждер мен университеттерде қайта жандануы керектігін айтты.

Университетіміздегі Дебат қозғалыстарының тарихы тереңде. Шәкәрімдік «Конгресс» пен «Парасат» пікірсайыс клубтары 20 жылдан аса уақыт белсенді жұмыс істеп келеді.

«Парасат» интеллектуалдық пікірсайыс клубы 2003 жылы құрылды.

Клуб ішінде қазақ, орыс, ағылшын лигалары бар. 18 жылдың ішінде 3000-нан астам пікірсайысшыларды дайындады.

Парасаттық пікірсайысшылар 70-тен аса республикалық, 130-дан аса облыстық және 300 қалалық турнирлерге қатысып, жүлделі орындарды иеленген.

Бүгінгі таңда дебат клубында 50-ден аса пікірсайысшы бар.


Шешендік өнердің баға жетпес тәжірибесі және аргументті диалог жүргізу мүмкіндігі, пікірсайыс клубтарында алынған эрудицияны дамыту және ой-өрісін кеңейту болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Бүгінгі күнде шәкәрімдік пікірсайыс клубтарының түлектері әр түрлі салада табысты мансапқа қол жеткізген.

Құттықтаймыз!

БЕЛГІЛІ ҒАЛЫМ - ПРОФЕССОР ҒЫЛЫМИ АТАҒЫН АЛДЫ

“Химиялық технология және экология” кафедрасының профессоры қ.а., х.ғ.к., доценті Мусабаева Бинур Хабасовна «02.00.00-Химия»-мамандығы бойынша “профессор” ғылыми атағын алды!



Бинур Хабасовна Шәкәрім университетінің дамуына елеулі үлес қосты, еңбек жолында факультет деканы, қашықтықтан білім беру технологиялары бөлімінің басшысы, кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Бинур Хабасовнаның тікелей қатысуымен «Химиялық технология және экология» кафедрасында жоғары деңгейде ғылыми зерттеулер жүргізіліп келеді. 2012 жылдан бастап кафедрада үш ғылыми жоба іске асырылды.

Бинур Хабасовнаға зор денсаулық және шығармашылық табыс тілейміз!

ЖАС АҚЫН АЙТЫС ЖҮЛДЕГЕРІ

Хавдолла Бейсхан - жас айтыскер ақын. Университеттің атын республикалық додаларда танытып жүрген талантты жастардың бірі.



Бұл жолы Хавдолла, Алматы қаласында өткен қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, айтыс өнерінің саңлағы, ақын ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ 175 жылдық мерейтойына арналған "Менің пірім-Сүйінбай" атты халықаралық жас ақындар айтысында жүлделі III- орынды қанжығасына байлады.

Дарындар даралығын таныта білген шәкәрімдік жас ақынға шалқар шабыт, жемісті жетістіктер тілейміз! Даңқын асқақтай берсін Хавдолла!

	<p>Құрылтайшысы: Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті КеАҚ.</p> <p>Студент - жастарға арналған ақпараттық-танымдық басылым айына бір рет шығады.</p>	<p>Редактор Дәулет ТІЛЕУБЕРДИЕВ</p> <p>Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген тіркеу куәлігі № 17310-Г 13 қазан 2018 жыл.</p>	<p>Редакцияның мекен-жайы: Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а, Телефон: 31-87-78</p>	<p>Газет Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті КеАҚ баспаханасында басылып шығарылды. Тел: 31-88-34 Семей қаласы, Глинка, 20 а Таралымы 500 дана</p>
--	---	--	--	--

ЖЫР АЙДЫНЫНАН



Журналистика мамандығының 2 курс студенті КӘП
ЗАРИНА ТӘТТІМБЕТҚЫЗЫ.

Жетістіктері: 2006-2019 «Көкөзек орта мектебінің»
«Алтын белгі» иегері.

Халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми
жобалардың 1, 2 орын иегері.

«Bilim orkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-
зерттеу орталығы ұйымдастыруымен өткен «Үздік
студенттер академиясы» жобасына қатысып,
академия мүшесі атанды.

«Bilim orkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-
зерттеу орталығы ұйымдастыруымен өткен «Ата заң
– еліміздің тірегі, тәуелсіздігіміздің тұғыры» атты
республикалық байқаудың дипломымен марапатталды.

«НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ – ОТАНЫМЫЗДЫҢ ЖҮРЕГІ»

Нұр-Астана бар қазақтың жүрегі,
Нұр-Астана бар түріктің тірегі.
Жиырма жылда бір ғасырдай жол салып,
Орындалды бабамыздың тілегі.

Бұл Астана бар қазақтың діңгегі,
Өмір сүрген қазақ, орыс, дүңгені.
Астанамыз айқара ашып есігін,
Саясында ұрпақ өсіп, бүрледі.

Нұр-Астана әлі жас балаң жігіт,
Болашағы түр әні жарқын күліп.
Азат таңмен нұрланып, шуақ шашып,
Құпиямды біл дейді, сырымды ұғып.

Бұл астана сан ғасырдың айғағы,
Бұл астана көк түріктің байрағы.
Еуразия жүрегіннің дүрсілі,
Бұл астана бейбітшілік байламы.

Бұл астана тарихымның куәсі,
Бұл астана бабамыздың мұрасы.
Бар қазақты бар әлемге танытқан,
Бұл астана ынтымақтың ұясы.

Бұл астана жастығымның жалғасы,
Оған жетер басқа қала бар ма осы!
Суы бал, кең тынысты асыл Арқа,
Алтын дәні - қазағымның жармасы.

Бұл астана әділеттің ордасы,
Бұл астана жырланатын жыр басы.
Ядролық сұм зұлматты жоюға,
Астанадан үн тастаған Елбасы!



ЕГЕМЕНДІК АЛДЫҚ ЕРКІН ҮНІ АСҚАҚ

Қазағым қайран елім не көрмеді,
Өзеуреп өзгелермен теңелмеді.
Елімізге еркіндік әкелем деп,
Ерлерім ерегесте жанын берді.

Ата- ана аңырады елім-ай деп
Кете ме жау қолында жерім-ай деп
Қазағым қаһарман ел рухы өшпей,
Бірлік пен қуаттанды бірікті көп.

Бірлік бар да тірлік бар жігерленді,
Абылайхан бастады талай ерді,
Ер Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібектер,
Жауды қуып қорғады туған жерді.

Еркіндік аңсап жастар шықты алаңға
Асығып Тәуелсіздік нұрлы таңға.
«Желтоқсан» жер әлемге даңқы жетті,
Қыршыны кетті сан Қайрат, сан Сәбира.

Егемендік алдық еркін үні асқақ,
Ғаламат тым қарыштадық құлаштап.
Көтеріп көк байрақты көкке өрлетті,
Қазақ елі - рухы алға бастап!